

Тендер өткізу туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен жұмылдыру құндылықтарын шығару (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) бойынша тендер өткізілетінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды шығару тендерінің дайындау мен өткізу ережесіне сәйкес тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, 2014 жылғы мамыр және желтоқсан айлары аралығында әрбір бейсенбі күні Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резерв комитетінің ғимаратында Астана қ. Янушкевич көш. 2, мекенжайы бойынша сағат 11.00-де өткізіледі.

Тендерге қатысуға өтінім берген үміткерлерді тіркеу www.emer.gov.kz және www.kgmr.gov.kz сайттарында жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша хабарлама жарияланған күннен басталады және тендерлік өтінімдер конверті ашылған күннің алдындағы күні сағат 18.00-де аяқталады.

Тауар туралы мәлімет, ең төменгі көлем, кесімді бағаның есепке алынбағандағы қосымша құн салығы, сомманың есепке алынбағандағы қосымша құн салығы, тауарды әкету мерзімі және тауардың орналасқан орны туралы ақпараттар осы хабарламаға қосымшада көрсетілген.

Үміткер лот сомасының 3 (үш) пайызы көлемінде тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Үміткер тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз ету түрлерінің келесі біреуін таңдайды:


1) «Резерв» РМК-нің банктік есеп шотына келесі реквизиттер «Резерв» РМК, РНН 031400154680, КБЕ 16, Астана қаласының «Казкоммерцбанк» АҚ Ақмолалық филиалы, БИК KZKOKZKX, ИИК KZ459261501105774002, БИН 990140003130 бойынша енгізілген ақшалай кепілдік жарнасы;

2) Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі №55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес берілетін кепілдік.

Үміткердің оның тендерге қатысу өтінімінің қолданыс мерзімі өткенше енгізілген ақшалай кепілдік жарнасына толықтай не бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғада пайда болуына әкеп соғатын әрекеттеріне жол берілмейді.

Шығару шарты – «Резерв» РМК франко-қоймалары және/немесе жауапты сақтау пункттері.

Тендер ұйымдастырушылары тендерлік комиссия отырысын өткізуді оның басталуына бір күн қалудан кешіктірмей ауыстыруы мүмкін, ол жөнінде www.emer.gov.kz, www.kgmr.gov.kz сайттарында хабарланады.



Тендерлік комиссияның отырыс хаттамалары www.emer.gov.kz және www.kgmr.gov.kz сайттарында орналастырылады.

Тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы жазбаша хабарландыру үміткерлерге (факспен немесе электрондық поштамен не қолма-қол) тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде жолданады, сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген сайттарға орналастырылады.

Анықтама үшін: 8(7172) 27-44-59, 27-44-49 (ішкі 045)

Сізге
Құрметпен
Ақпарат
Құрметпен
Құрметпен
Құрметпен